

Төкен Абзал, Магистрант
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
Семей, Қазақстан Республикасы
E-mail: abzaltnf@mail.ru
ORCID ID 0000-0002-9827-0388

БИЛЕРДІҢ ЕЛ БАСҚАРУ МӘДЕНИЕТІ

Token Abzal, Master's Degree student
Shakarim State University of Semipalatinsk.
Semipalatinsk, the Republic of Kazakhstan,
E-mail: abzaltnf@mail.ru
ORCID ID 0000-0002-9827-0388

CULTURE OF GOVERNING NATION BY BIYS

Annotation: *This article describes the function of the biys management in the Kazakh society. The Biys Institute played an important role in political and legal issues and regulating public relations in the Kazakh steppes. The distinctive feature of the Biys are the founders of democracy and they are connecting of the common people and the of the aristocracies.*

Keywords: *biy; legal; power; culture; democracy; policy; jurisprudence.*

Аннотация: *Мақалада билер институтының қазақ қоғамындағы басқару функциясы жайлы баяндалады. Билер институты қазақ даласында саяси-құқықтық мәселелерді шешудегі және қоғамдық қарым-қатынастарды реттеуде маңызды рөл ойнаған. Билердің негізгі ерекшелігі қарапайым халық пен ақсүйектер ортасының теңдегін ұстаған, демократияның негізін насихаттаушылар болғаны туралы баяндалады.*

Түйін сөздер: би; саяси-құқық; билік; мәдениет; демократия; саясат; құқықтану.

Қазақ қоғамында қазіргі немесе қазақ хандығы уақытында «билік» сөзіне бірнеше анықтама берілген және қоғам бұны жақсы түсіне білген. Билік - қазақ халқының дәстүрлі санасында “ел басқару”, “өкім ету” сөздерімен мағыналас ұғымды білдіреді [1, б. 344]. Зерттеуші ғалымдардың, әсіресе, В.В. Бартольдтың пікірінше, “би” сөзі шамамен XIV-XV ғасырларда түркі тіліндегі “бек” атауының бір нұсқасы ретінде пайда болып, басқарушы, ел билеуші мағынасын білдірген. Кейіннен бастапқы семантикалық-тілдік ренкінен бөлініп, жиі, дау-жанжалды шешіп, төрелік айтатын, әділ үкім шығарушы адамды бейнелеу үшін қолданылған. XVII ғасырда өмір сүрген Махмұд ибн Уәлидің “Бахр әл-асрар фи манақиб әл-ахйар” атты еңбегінде “жоғарғы мәртебелі әмірлер мен елге сыйлы, пендеуі тірліктен азат адамдардың” барлығы би аталғанын жазады [2, б. 154].

Қазіргі кездегі құқықтану саласында да ол “өкімет” атауының екінші мағынасыда қолданылып келеді. Мысалы, саясаттану ілімінде билік экономиялық, идеологиялық, ұйымдастырушылық-құқықтық тетіктер арқылы, сондай-ақ, беделдің, дәстүрдің, зорлықтың жәрдемімен адамдардың, әлеуметтік топтар мен жіктердің мінез-құлқына, іс-әрекетіне ықпал етуге қабілетті әлеуметтік қарым-қатынастардың көрінісі. Билік яғни қоғамды әділетті басқару жүйесінің пайда болуы, аталмыш қоғамның ілгері дамуының көрінісі болып табылады [3, б. 24]. Қазақ тарихы мен заң жүйесінде, ойлау мәдениеті мен тіл білімінде билер қоғамы ерекше. Халқымыздың өткен тарихында елі, жері үшін, халық қамы үшін қара қылды қақ жара әділ билік айтқан билер, шешендер аз болмаған. Қазақ даласында олар жүздеп саналады. Билер халық алдындағы әлеуметтік билікке ие болған

тұлғалар. Яғни бұл қоғамдағы адамдар арасындағы қарым-қатынасқа және әлеуметтік топтардың мінез-құлықтарына әсер ете отырып қалаған нәтижеге қол жеткізуді білдіреді [4]. Әр елдің, әр ауылдың сөз тыңдар өз ақсақалы, билері болған. Билер әрдайым әділетті болуға тырысып, адамға қиянат жасамаған. Би-шешендер тек қана қазақ халқына тән. Сондықтан оған ерекше мән беруіміз керек,- дейді Н.Төреқұл [5, б. 5]. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы «билік» институты, ежелгі құқықтық реттеу шешімдерінің бір бағыты ретінде билер сотының пайда болып, қалыптасуы жайлы ғылыми еңбектер әр алуан, бір-біріне қайшы пікірлерде орын алып келеді.

Қазақ мемлекеттілігі қазақ елінің қоғамдық құрылысының құқықтық және саяси белгісі ретінде XV ғасырдың ортасында Орта Азия кеңістігінде шамамен 1456-1470 жылдары пайда болды. Қазақ халқының хандық ретінде дамуы әлеуметтік-экономикалық және этно-саяси үрдістері құрылуының объективті алғышарттары сол кезеңде Қазақстан аумағында жүрді. Қазақ хандығы өзінің қалыптасуын орта ғасырда біріккен Ақ Орданың, Ноғай хандығы және Әбілхайыр хандығының пайда болуы одан әрі де тереңде жатыр, ол қазақ халқының этникалық тұтастануынан бұрын қалыптасқан. Қазақтың көне құқығы ежелгі түркі-қазақ тайпалық, мемлекеттік құрылымдардан құралған, ауысып тұрған көптеген көшпелі және жартылай көшпелі бірлестіктердің құқықтық дүниетанымы мен нормативтік активтері негізінде қалыптасты [6]. Билердің соты негізінен, әдет-ғұрып сотына үйрене отырып, ашық, әрі жариялылық түрде жүргізілген. Шарифат заңдары ішінара некелік-отбасылық қарым-қатынастарға қатысты қолданылған. Сондықтан, әулет қазыларға емес, «ата-баба жолын» жетік білгендігімен, қара сөзге шешендігімен би атанған беделді адамдардың төрелігіне жүгінген. Бір айта кетерлігі, көшпелі қазақ қоғамындағы билер соты уақыт пен кеңістікте дара өмір сүрген жоқ. Ол өз ерекшелігін сақтай отырып, отырықшыл және қалалық қауыммен байланыста болды. Алайда, көршілес отырықшы, мұсылман діні көбірек тараған өңірлер мен елдердің басқару үлгісі, олардың заңдары мен тәртіптері қазақтың көшпелі қоғамының даму ырғағына айтарлықтай әсерін тигізсе, керісінше, белгілі деңгейде оның сақталуына, нығаюына ықпал етті. Қазақтың әділсоты дегенде шын мәнінде әділдіктің символы болған билер соты көз алдымызға елестейді. Ол халықтың санасы мен аузында әділдіктің бейнесі саналды, мәдени құндылығы мен өнегелі бағдарына айналды [7]. Дәстүрлі сот төрелігінің, ел басқару мәдениетінің тағы бір ерекшелігі – билер ауқымды декларациялық уәкілет иеленеді, яки қалыптасқан әдет-ғұрып жосындарын өз қалауына орай түсіндіре отырып, нақты оқиғаның мән – мазмұнына сәйкесті түрде шешім қабылдай алды. Ру-тайпалық құрылымға негізделген дәстүрлі қазақ қоғамындағы ру мен ру, тайпа мен тайпа, жүз бен жүз арасындағы шаруашылық-экономикалық себеп-салдарлы қақтығыстарды реттеп отырушы бірден-бір күш — билер институты болған-ды.

Іс жүзінде қазақ қоғамындағы «ақсүйек», «қарасүйек», «төре», «қарашы» құрылымдары мен «сұлтан», «би», «батыр», «бай», «төлеңгіт» тәрізді әлеуметтік категорияларды алғаш рет талдаған Е.Бекмахановтың пікірінше, қазақ қоғамындағы билер айрықша құқықтық және экономикалық артықшылықтарға ие билеуші топ өкілдері. Ақсүйек тұқымы боп есептелетін сұлтандармен салыстырғанда билер көшпелі қауымның өз ортасынан шыққан ру-тайпа игі-жақсылары. Билік, билер шешімдерінің ұлттық ойлау мәдениетінде алар орны ерекше. Әдетте, билік түйіні белгілі бір ортада дау арқылы дамып, шешіледі. Сондықтан, ердің, елдің тағдыры сөз болатын, соғыс-бітім секілді маңызды мәселелер қозғалатын сот залдары, парламент сарайлары және халық жиналатын ас-тойлар, міне, шынайы шешендер, саяси қайраткерлер сөз сайысына түсетін, сыннан өтетін және шындалатын орындар олып саналған. Қазіргі әдебиетте төрт билік туралы (атқарушы, заң шығарушы, соттық және қоғамдық пікір) жиі айтылып жүр. Биліктің

осындай бөлінісі дәстүрлі қазақ қоғамында да орын алған. Құрылтай мен би кеңесін заң шығарушы билік, хан, сұлтандар, ру басшыларының елді басқаруын – атқарушы билік, билер мен қазылардың сотын – соттық билік, ал ерікті тұлғалар – ақындар, жыраулар, ғұламалардың беделін қоғамдық пікірдің билігі деп қарастыруға болады.

Қазақтың би және билік құрылымдары турасында абайдың туысы әрі шәкірті Шәкәрім де бірқатар бағалы пікірлер айтқан. Өзінің 1914 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Би һәм билік туралы» атты мақаласында ол қазақ билеріне тән, бірақ ұмыт болған ескі жолдар мен ережелерді қайта көтеріп, қолайлысын уақыт талабына сай бейімдеп, жаңғырту қажеттігін негіздейді [8, б. 59].

Қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік институттары, оның ішінде билер статусы жөнінде бірқатар құнды тұжырымдар қалдырған қазақ зиялыларының қатарында М.Тынышпаевтың орны айрықша. Оның 1925 жылы Ташкент қаласында жарық көрген «Қазақ халықының тарихына байланысты материалдар» атты еңбегі ғылыми дәйектілігі мен методологиялық тиянақтылығы жағынан әлі күнге дейін өз құндылығын жоғалтқан жоқ. Бұл еңбекті, кейіннен жазылып, XVIII ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ-жоңғар соғыстыры мұқият талданған «Ақтабан шұбырынды» мақаласымен толықтыра түскен М.Тынышпаев, басты назарды билер институты мен оның жекелеген өкілдерінің сот ретінде емес, әкімшілік-басқару және рухани-идеологиялық функцияларына аударуға бейім [9, б. 151-161]. Қазақ тарихындағы билер институтының есімі белгілі алғашқы өкілі – Майқы би. Ол Шыңғыс ханның замандасы әрі оны «ақ киізге отырғызып», хан көтерген он екі бидің төбе биі болған. Халық жадында Майқы би тек қана сот үкім-кесімдеріне байланысты билік айтып қана қоймай, сонымен бірге үлкенді-кішілі саяси мәселелерді түйіндеп, шешім шығара білген қоғамдық қайраткер есебінде сақталған. Билер институтының сол тұстың өзінде-ақ тек қана әлеуметтік немесе құқықтық ғана емес, сонымен қатар саяси роль атқарғанын Майқы бидің «хан атаулының қазығы, қара бұқараның азығы» аталуынан аңғаруға болады [10, б. 71]. Ерте орта ғасырларда бек немесе билер институты ру-тайпалардың бетке ұстар игі-жақсыларының құрылып, аристократиялық қаған билігі жүйесінде халық тарапынан өкілдік етуші әлеуметтік тетік ролін атқарды. Осы тұста билер институтының ара-жігі әлеуметтік өмірдің жоғарғы сатысында тұрғандардан да, төменгі сатысында орналасқандарынан да нақты ажырамаған. Бұл билер институтының негізгі ерекшелігі және билік пен қарапайым халықтың біріктіруші функциясы, демократияның белгісі. Билеріміз сөз құдіретін тиімді пайдаланып, шешімдер шығарғанда мүдделі тұлғалардың ғана емес, оған қатысушы жұртқа да тәрбиелік мәні зор, көпшіліктің көкейінен шығатын аталы сөздерді айтып, олардың сана-сезімі мен мінез-құлқына сіңіруін, іс-әрекетінде қолдану жолдарын қарастырған. Қылмыстық істердің жеңіл немесе ауырлығына қарамастан олардың бәріне әділ жаза қолданған.

Қазақ елі үшін адалдық пен әділеттіліктің тең таразысы бола алған билер қоғамда саяси-құқықтық, әлеуметтік, әскери және дипломатиялық салаларына араласып, ел ынтымағы мен бірлігін нығайтуға үлестерін қосқан. Қазіргідей ғаламдану мен батыстық сарындағы арзанқол бұқаралық мәдениетке еліктеу заманында өзіміздің осындай асыл мұраларымызды бүгінгі ұрпаққа жеткізу, түсіндіру мен насихаттау күн тәртібінен түспейтін мәселе болып қала бермек.

ПАЙДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі./Алматы: 2007.- 344 бет.
2. Нысанбаев Ә. Ұлттық энциклопедия / Алматы:1998.-II том-154 б.

3. Наумова С.Ю., Мордовца А.С., Касаевой Т.В. Общая теория государства и права./Саратов: 2018. – 24 бет.
4. Nalogi.ru сайты бойынша [Электронды ресурс]-2008.-URL:
<http://www.nalogi.ru/faq/detail.php?ID=1602851> (*Ақпарат алан күн 08.10.2018*)
5. Бектаев К. Қалдыбаев М. Төле би – саясаткер, дипломат, психолог.//Шымкент: 1993.-5 бет.
6. Абиля Е. История государства и права Республики Казахстан.//– Астана, 2001.
7. Билер институтының тарихи маңызы. Президент және Халық.// №41,-2018.
8. Шаһкерім. Би һәм билік туралы.//Абай, 1994, №9 – 59 бет.
9. Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа.//История Казахского народа. Алма Ата:1993.-151-161 беттер.
10. Арын М.Ғ. Хан атаулының қазығы қара бұқараның азығы. Қазақ халқындағы би статусы.//Саясат, 1996.- №12.-71 бет.